

Келісемін:

«Ақбота» бөбекжайы

МККК әдіскері

----- М.Н. Обиюх



Бекітемін:

«Ақбота» бөбекжайы

МККК басшысы

----- А. Е. Мынбаева

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Ботақан» тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2024 жыл

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|--------|---------------------------|---|
| Қаңтар | Сөйлеуді дамыту           | Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. |
|        | Көркем әдебиет            | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.   |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p><b>Математика негіздері</b></p>       | <p><b>Шама</b><br/> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br/> Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p>   |
|  | <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> | <p><b>Еңбекке баулу</b><br/> Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.</p> <p>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.</p> <p>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> |

|  |                          |   |
|--|--------------------------|---|
|  | <p><b>Құрастыру</b></p>  | <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</b><br/> Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br/> Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p> |
|  | <p><b>Сурет салу</b></p> | <p><b>Заттық сурет салу.</b><br/> Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br/> <b>Сюжеттік сурет салу:</b><br/> Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br/> <b>Сәндік сурет салу.</b><br/> Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>    |
|  | <p><b>Мүсіндеу</b></p>   | <p><b>Заттық мүсіндеу</b><br/> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>  |

|  |                       |  |
|--|-----------------------|--|
|  |                       | <p><b>Сюжеттік мүсіндеу</b><br/> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу:</b><br/> Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>   |
|  | <p><b>Жапсыру</b></p> | <p><b>Заттық жапсыру:</b><br/> Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b><br/> Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту</p> <p><b>Сәндік жапсыру</b><br/> Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p style="text-align: center;"><b>Ән -күй</b></p>        | <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Жоғары дыбыстарды ажыратуға (секста, септима шегінде жоғары, төмен) үйрету. Қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруге, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыруға, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуге, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдауға үйрету.</p> <p>дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен қимылдарын орындауға үйрету.</p> |
|  | <p style="text-align: center;"><b>Дене шынықтыру</b></p> | <p><b>I)</b> 1. Алға ұзартылған қадаммен жүруді үйрету; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдысын бекіту.</p> <p>2. Әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; алға қосымша қадаммен жүру дағдысын бекіту.</p> <p>3. Аяқтан аяққа секіруді үйрену; 5 м қашықтықта жорғалау қабілетін бекіту.</p> <p><b>II)</b> 1. Допты көлденең нысанаға лақтыра білуге үйрету; аяқтан аяққа секіру техникасын бекіту.</p> <p>2. Еденде тігінен орналасқан құрсаумен жорғалау техникасын орындауға үйрету; көлденең нысанаға лақтыру дағдысын бекіту.</p> <p>3. Түзу жолмен жүргенде тепе-теңдікті сақтауға үйрету; еденде тігінен</p>  |

орналасқан құрсаумен жорғалау техникасын бекітіңіз.

III) 1. Артқа адымдап жүруге үйрету; түзу жолмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын бекіту; түзу жолмен жүру қабілетін нығайту.  
2. 10 метрге дейін жылдам қарқынмен жүгіре білуге үйрету; артқа қосымша қадаммен жүру дағдысын бекіту.  
3. Орында тұрып ұзындыққа секіру техникасымен таныстыру; кері қадаммен жүру қабілетін бекіту; түзу жолмен жүру кезінде тепе-теңдік жаттығуларын күшейту

IV) 1. Допты оң қолмен көлденең нысанаға лақтыруды үйрету; тұрып ұзындыққа секіру техникасын бекіту.  
2. Доғаның астына өрмелеуді үйрету; оң қолмен көлденең нысанаға лақтыру дағдысын бекіту.  
3. Тақтамен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай білуге үйрету; доғаның астына өрмелеу дағдысын бекіту.

V) 1. Алға ұзартылған адыммен жүруге үйрету; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдысын бекіту.  
2. Әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; алға қосымша қадаммен жүру дағдысын бекіту.  
3. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренелермен, тақтайлармен жүру дағдыларын жетілдіру; жорғалау дағдыларын бекіту.

**Ашық ойындар.** Ашық ойындарға қызығушылықты ояту үшін балаларды ойын ережелерін сақтауға, қозғалыстарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға үйрету.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Денсаулық құндылығы туралы түсініктерін дамыту; дені сау болуға деген құштарлықты тудыру.

**Сауықтыру және шынықтыру әрекеттері.** Табиғи факторларды - ауаны, күнді пайдалана отырып, қатайту шараларының кешенін жүргізіңіз. Күн тәртібіне сәйкес таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз етіңіз.

**Денсаулықты сақтайтын технологиялар.** Шығармашылық музыкалық гимнастика, тыныс алу жаттығулары, степ-аэробика, созылу ойыны, суджок доптарымен өзін-өзі массаж.